

хазина да бар малын хақ йолында ихсан қылған хан [5, 140]. Қыс пен жаз, ай мен жыл қазынадағы барлық мал-мүлкінді хақ жолында көңіліңнің кендігімен оларға қаражат қылған хансыз! [6, 176] Қазіргі тіліміздегі дегенмен шылауы шежіреде амма деп келтірілген. *Амма* Ахмад хан ның үч хатуны дын токуз оғул ерді [5, 232]. Дегенмен, Ахмед ханның үш хатунынан тоғыз ұлы (бар) еді [6, 116].

Қорыта келгенде, жоғарыда келтірілген мысалдардан «Жами'ат-тауарихтың» тіліне қыпшақ тілінің де ұқсастығын байқаймыз. Бұл шежіренің тілі әлі де болса зерттеуді қажет етеді, лексикалық, грамматикалық тұрғыдан қыр-сыры бітпейтін ерекше туынды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жуынтаева З.Н. Тарихи мәтін синтаксисі. – Қарағанды, 2009. – 252 б.
2. Сыздықова Р.Г. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б.
3. Қордабаев Т.Р. Тарихи синтаксис мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1964. – 244 б.
4. Ескі түркі жазба ескерткіштері туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым 1983. – 206 б.
5. Сыздықова Р.Г. Язык «Жами ат-тауарих» Жалаири. – Алма-Ата: Нарқа, 1989. – 243 б.
6. Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 128 б.

Балаганова Ажар Бековна

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің студенті Петропавл қ.
esmatova@mail.ru

Ғылыми жетекшісі:
Есмадова Меңдікыз
Тілеужанқызы

М.МАҒАУИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛҒАН МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

М.Мағауин шығармалары тілінің шұрайлылығы, сөз байлығының молдығы, әрі халықтың қарапайым сөзін қиюластырып оқырманын селт еткізе әсер ететін шеберлігі мақал-мәтелдерді зерттеу барысында анықталады. Мақал-мәтел халықтың қоғамдық құбылыстарды кең қамтып, өмірдегі әр қилы қарым-қатынастарды әсерлі, көркем бейнелейтін, тақырыбы, идеялық мазмұны бай ең бір мол саласы. Мақалада жазушы шығармаларында қолданылған мақал-мәтелдердің тақырыптық топтары, олардың белгілі бір мақсатта қолданылғандығы, ерекшеліктері анықталады.

Кілт сөздер: *мақал-мәтелдер, көркем сөз, авторлық қолданыс, тақырыптық топтары, қарама-қарсылық, халық қазынасы.*

Көркем сөз тәсілдерінің ішіндегі қуаттысы мен құнарлысы болып саналатын мақал-мәтелдер тіл атаулының баршасына тән, өзіндік ерекшелігімен көзге түсетін универсалдық құбылыс. Мақал-мәтелдерді тіл фактісі тұрғысынан зерттеуші паремиолог-ғалымдардың пікіріне қарағанда, олар, ең алдымен, өзінің мән-мағынасы, мазмұны мен тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты назар аудартады.

Мақал-мәтелдердің шығу тарихы мен пайда болу жолдары, тілі жақын туыстас халықтар үшін ортақтығы, логикалық сәйкестік, образдылық, бейнелеу тәсіліндегі шендестік, т.б. толып жатқан мәселелер паремиологияның объектісіне жатады. Солардың ішінде мақал-мәтелдерді мән-мағынасына және тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты топтастыра зерттеу ерекше орын алады.

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің бәрі, негізінен, жай сөйлем түріндегі тұрақты сөз тіркестеріне жатады, олар тұлғасы жағынан ұзақ уақыттан бері қалыптасып, белгілі бір формада тұрақталған, мазмұны жағынан біртұтастыққа ие болған жай сөйлем типтері. Мысалы: *-Ата көрген оқ жонар*, - деді Омар ақсақал сөзін жалғап, *-Әмір марқұм мына Қазының әкесін айтам*, сол кездің өзінде аңшы иттерінің тұқымын асылдандырып бітіп еді. Желмен жарысқан не бір жүйрік қырандар өтті ғой бұл өңірде («Тазының өлімі», 10-бет). Ал өзіме түк те істей алмайсың, *«Ақ иіліп бүгілмес» деген*, мен қан төккен адаммын («Тазының өлімі», 23-бет). Жөн-ақ, қарағым, *жалғыздың жары құдай деген*, ол да осы сендей жалғыз (сонда, 34-бет).

Мақал-мәтелдер - халық данышпандылығының айнасы, оларды тудырған халықтық тіл байлығының алтын қазынасы. Мақал-мәтелдердің көбі өмір шындығының қорытындысы, іс-әрекеттің

ережесі болып келеді. Олардың «бәрі заңның, өсиеттің, ереженің күшіндей күші бар қысқы-қысқа нақыл сөзге айналып тілде сақталып қалады». Мақал-мәтелдер аз сөзді, терең мағыналы әрі ұтымды болатындықтан сөйлеген сөзді пайдалана білу керек-ақ. «Сөздің көркі – мақал, жүздің көркі – сақал» дегендей, мақал-мәтел сөзіне әр береді [1, 88 б].

Жазушы қолданысындағы мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер де кейіпкер бейнесін аша түседі: *Өзекті жанға бір өлім бар – хандардың тура келген ажал оғынан қаза тапса, көлденең жабысқан кеселден көз жұмса, неге кім иелік етеді? Әкесі ер деме – өзі ез шығар. Жасы кіші деме – қара қанжар шығар. Ата салтыңда алтын тақ – агадан ініге мұра...* («Аласапыран», 89-бет). Тәуекел ханның жұртына қарата айтылған осы сөзінде жазушы мақал-мәтелдер мен қанатты сөздердің орнын тауып, қиыстыра қолдану арқылы кейіпкердің шешендігін көрсетіп тұр. Шығармаларында мақал-мәтедер мен қанатты сөздер кейіпкерлердің шешендігін, ақылдылығы мен тапқырлығын, т.б. қасиеттерін беруде, ойды астарлап, тұспалдап жеткізуде орынды жұмсалған.

Авторлық афоризмге бір мысал келтіріп өтсек: *Қайғыға төзе білу де кісілік. Өле білу де өнер. Өлім – азаматтың ақыр түбінде айнымас табысар жан серігі. Ер – жақынына ажарымен, жауға ажалымен танылады* («Аласапыран», 96-бет). *Жаңағы ғылымның өзі қазақтан орыс кем, орыстан емес жаман деп айтпаған шығар. Сыртқы түр - перде. Ішін айт. Жүрегі қалай соғады, бүйрегі кімге бұрады – соған қара. Ойын айт, пиғылын айт* («Бір атаның балалары», 95-бет)

М.Мағауин шығармаларындағы мақал-мәтелдер тақырыптық жағынан әр алуан. Олар түрлі мақсаттарда қолданылған.

1) кейіпкер бейнесін ашуда: *«Тойдың болғанынан боладысы қызық»*, сол боладыда жүрген шақ. Мүмкін сені той емес, аза күтіп тұрған шығар... Оны ойламайсың. Өйткені ақымақсың. Базар тарқаған соң қайырылып артыңа қарасаң... («Қара қыз», 46-бет). Жақынымыз болғасын, қайтейік. Кісі баласын бағу деген қиын ғой. *Кісі баласы кекшіл емес пе?* Ылғи соның қабағына қараймыз. Барамызды аузына тосамыз (сонда, 53-бет).

2) кейіпкердің ішкі жан дүниесін, психологиясын беруде: *Жарыққа шықпай-ақ тұншығып өледі ғой, былай тартсаң өгіз өледі, былай тартсаң арба сынады дегендей, тіпті алға жарым қадам жүру мүмкін емес* («Қыпшақ аруы», 25-бет). *Сынықтан басқаның бәрі жұғады деген осы, Саржандікі жөн* (сонда, 48-бет).

3) кейіпкердің әлеуметтік жағдайын көрсету үшін: *«Өлімнен ұят күшті!»* - молшылық кезде айтылатын мақал екен, Айгүл жерге кіре қысылғанымен, ақша сұрауға мәжбүр болды, өзі үшін емес, алыста бейнет шегіп жүрген Бексейіт үшін («Қара қыз», 73-бет). *“Мал баққанға бітеді”* дейді қазақ. Қазы жарықтық мал бағатын адамның түрі емес еді. Ол кісінің жалғыз аты болады, бір тазысы болады, қосауыз мылтығы болады. Атына мініп, мылтығын асынып, тазысын ертіп көл жағалап кеткен («Тазының өлімі», 34-бет). Сондай-ақ *“Құдай бергенге құлай береді”* мақалы осы мақсатта қолданылған. Көтеріліске шыққан малшы жұрт түгін қалдырмай бөліп әкетті, *олжаға шаш-етектен батты* («Кесік бас – тірі түлүп», 185-бет).

4) бағалау мақсатында: Жамбыл атаның жаңағы мінезі – *«Бұқаның өзі қартайса да, мұрны қартаймайдының»* кері емес – сұлулыққа табыну, артық салмағы жоқ, әдемі («Шипалы Арасан», 138-бет). Қазақ: *«Жақсыда жаттық жоқ»* деген, жүрегімен таныған екен (сонда, 167-бет).

5) басу айту, сабырлыққа шақыру мақсатында: *Бірақ қамығатын, қайғыратын іс емес, ата қазақтың сөзі бар ғой, осындайда айтқан: «Қатын – жолда, бала белде!»*. - Әліптің артын баға тұруға болмады ма, шырағым, - деді бір мезгілде әкем («Қыпшақ аруы», 20-бет). Бұл сөйлемдердегі алғашқы мақал басу айту болса, екіншідегі әліптің артын баға тұру сабырлыққа шақыру мақсатында қолданылған.

Сондай-ақ, *уды у қайтарады, қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі, көппен көрген ұлы той, ондай-ондай хан қызында да болады* мақалдары басу айту, жұбату, көңілге тоқ санап, өз-өзіне берік болу, тәуекелге бел байлау т.б. мағыналарында қолданылған.

6) ұлттық дүниетанымды (салт-дәстүрді) беру мақсатында: Абайдың Ділдадан туған балалары мен Әйгерімнен туған балаларын салыстыр. Бұхар жыраудың айтқаны бар: *«Қатын алма қарадан...деп, топқа барар ұл тумас»* дейді («Шипалы Арасан», 141-бет). *Ой, шырағым, қазақ “алты жасар бала алыстан келсе, алпыстағы қария арнап барып сәлем береді” деген еді. Бара алмадым* («Бір атаның балалары», 72-б).

7) тұрмыс-тіршілікті суреттеу мақсатында: *«Айтқан сөз – атылған оқ», ұайтпайды, бауырыма салған балама тіл тигізді* («Бір атаның балалары», 103-бет). Өмірден ерте кеттім деп өкінбе, *тірінің үлесі – тағдырмен күрес. Әйелдің сұлулығы – жанға шипа, жүрекке жара* («Шипалы Арасан», 155-бет).

М. Мағауин шығармаларында авторлық қолданыстағы мақал-мәтелдер де ұшырасады. Мысалы: *«Қатын - жолда, бала – белде»* сенің жасындағы жұрт жаңа үйленіп жатыр. Енді асықпай, таңдап жүріп, өзіміздің нәсілден бір көрікті қыз ал («Қыпшақ аруы», 20-бет). Мақал-мәтелдерді өзгертіп, өзге ұғымдармен салыстыра түрлендіріп те қолданады. Мысалы: *Екі өгіз сүйкенсе – шыбын өледі екен. Екі патша тартысса – ортадағы қара халық күйзеледі екен. Ал екі жұрт тоғысса – телімдегі әлсіз қауым жазаға ұшырамақ* («Аласапыран», 735-бет). Бұл жерде жазушы «екі өгіз сүйкенсе – шыбын өледі» деген халық мәтелін дамытып, өз тарапынан қосып, ойдың идеясын аша түсуге мүмкіндік алады.

Жазушы қолданысындағы мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер де кейіпкер бейнесін аша түседі. *Өзекті жанға өлім бар – хандардың тура келген ажал оғынан қаза тапса, көлденең жабысқан кеселден көз жұмса неге кім иелік етеді? Әкесі ер деме – өзі ез шығар. Жасы кіші деме – қара қанжар шығар. Ата салтыңда алтын тақ – ағадан ініге мұра...* («Кесік бас – тірі тұлұп», 184-бет)

Жазушының халықтық мақал-мәтелдерді өз мақсатына орай өзгертіп қолданылуы шығарма тілінің көркемдігіне де мазмұнына да ешқандай нұсқан келтірмейді. Керісінше, оларды қажет жеріне қиыстырып қолдану арқылы жазушы айтпақ ойын әсерлей, тереңдете түседі, шығарма тілінің көркемдік деңгейін арттыра түседі. Мысалы: Бақсам, бәрі де астамшылық екен. *«Тойғанға тоқты еті топырақтың кері»*, алғыс айту керек екен, сүйенуім, тек қана сүйенуім керек екен («Өмір жыры», 189-бет). Тек...*ердің еңсесі басылмасын, әйелдің ажары сынбасын. Күшің біек емес, білік емес, береке-бірлікте. Түлкінің құйрығы да, бөрінің аузы да мұрат әкелмес* («Шақан – Шері», 81-бет). *Ортақ өгізден оңаша бұзау артық депті, мұнысы рас, егер өзіз – кәдімгі соқа тартатын өгіз, бұзау – кәдімгі сүт еметін бұзау болса...* (сонда, 91-бет).

Сондай ақ, бірнеше мақал теріліп алынды: *Ерегіс басы – боқ жеме – атаның құнын елемей, қияндағы қысыр ерегіске мал-жананын салатын қазақ емес пе* («Бір атаның балалары», 126-бет). *«Дерт көп, денсаулық біреу» депті гой халық* («Тазының өлімі», 13бет). Бала сөзінің мағынасы негізінде жасалған мақал мәтелдер: *Бала адамның бауыр еті; Жетім бала кекшіл; Балалы үйде ұрлық жатпас; Ата-ананың қадірін, Балалы болғанда білерсің; Ұл туғанда - Күн туған; Алты жасар бала атқа мінсе, Алпыстағы шал алдынан шығып атын ұстар.*

М.Мағауин шығармаларында қолданылған мақал-мәтелдердің дені халықтық сипаттағы мақал-мәтелдер болып келеді. Автор оларды негізінен түпнұсқа күйде берген. Ұлттық тілдің бай қазынасы – сөздік құрамын мейлінше шебер пайдаланып, әр сөзін, сөйлемін, тұтас мәтінін мәнерлі, өткір шебер тілмен өрнектеген және оларды белгілі бір сильдік мақсатпен ұтымды пайдаланып отырған. Жазушы шығарма тіліндегі суреттеліп отырған заман мен оқиғаны жан-жақты ашып көрсету және мүмкіндігінше шындыққа сай беру үшін басқа тілден енген сөздерді молынан қолданады.

Антонимдік құбылыстың өзі тілдегі қарама-қарсылыққа негізделгендіктен, контрасты айқын байқататыны белгілі: Иттің өзінің азған түрі, *жақсы, жаманы жоқ*. Бәрі бірдей. *Сырты ғана адам, іші хайуан* («Кесік бас – тірі тұлұп», 162-бет). *Жамандықты жасырса, жақсылықтан қасиет қала ма?* (сонда) Әйелдің шашы *ұзын*, ақылы *қысқа деген*, білместікпен ойыңнан шыға алмай қалатын кездерім болар, бірақ көңілім қалтқысыз («Қара қыз», 51-бет).

Екі құбылысты салыстырып, қарсы қою арқылы қайсыған ерекше мән беру керектігі түсінікті болады: Бәйге *басынан* саналады, *соңынан* емес («Қыпшақ аруы», 5-бет). *Өткенімді* жоқтау, *бүгінгіме* нала (сонда). *Жаман* жерде жел ескен. *Жақсы* жерге ел көшкен («Тызының өлімі», 15-бет).

Антонимдік қатарлар кереғар іс-әрекеттердің пайда-зиянын айқын білдіреді: Тойдың *болғанынан* боладысы қызық, сол боладыда жүрген шақ («Қара қыз», 46-бет). Ақымақ *достан*, ақылсыз *дұшпан* артық («Тазының өлімі», 12-бет). Ақылмен мыңды, ақырумен бірді ғана көндіресің (сонда). Қайшылықтың тереңірек ашылуына антонимдік қатардағы сөздердің эмоциональдық қасиеттері елеулі ықпал етеді: Ақ жауын басталған, нөсерлетіп *құйып та жібермейді, толас та таппайды* («Тазының өлімі», 36-бет). *Қара қызым ағарғанымен* үсті-басы тозып жүдеп кетіпті, -деп Айгүлді қайта-қайта құшақтайды («Қара қыз», 63-бет). Бұл сөйлемде қыздың ақ-қаралығына емес, өзінің сүйіспеншілігін білдіріп, еркелету мағынасында айтылған. *Асыл* сөз нар кескен қылыштай, *жаман* сөз өтпес пышақтай («Аласапыран», 213-бет).

Шеберлік деген ұғымның ауқымы кең. Ол талмай талаптану, шығармашылық ізденіс тәжірибесінде жетіліп, қалыптасады да, үлкен іске жол ашады. Тегінде – шеберліктің қолданылу аясы да мол. Зергер қолынан шыққан асыл заттар да, әр алуан бояу, өрнектерімен әшекейленіп, өмір қажеттігіне асып жатқан тұрмыстық бұйымдар да өз шеберлерін тапқан заттар. Небір сұлу қалалар, сәулетті ғимараттар шын мәнінде іскер қолдың жемісі болса, көркем сөз шеберлерінің де көтерер

жүгі мен атқарар ісі мол болып келмек. Сөз зергерлері – шеберлікті жан-жақты жетілдіріп, шындай түсуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері/ Вопросы казахского языкознания. – Алматы: Арыс, 2008. – 592 б.
2. Мағауин М. Аласапыран. 1-том. – Алматы: Жалын, 1981. – 384 б.
3. Мағауин М. Шығармалар жинағы. 8-том. – Алматы: Қағанат FMO баспасы, 2002. – 742 б.

Сманова Улжарқын

Академик Е.А.Бөкетов ат. ҚарУ филология факультетінің 4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі:
ф.ғ.к, доцент
Жуынтаева З.Н.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚАРАТПА СӨЗДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ

«Үндеу амалы» деген терминді жете түсіну үшін, алдымен, оқшау сөз деген терминді қарастырып өтуіміз қажет. Қазақ тілінде оқшау сөздер – сөйлемдегі басқа сөздермен синтаксистік, сонымен қатар, грамматикалық байланысқа түспей, дауыс ырғағы арқылы ерекшеленетін сөздер мен сөз тіркестері. А. Байтұрсынұлы «Тіл – құралы» атты еңбегінде оқшау сөздерді «бұратана сөздер» деген атпен береді. Бұратана сөздер сөйлемде басқа мүшелермен байланыспайды. А. Байтұрсынұлы бұратана сөздерді екіге бөледі. Бірі қаратпа болса, екіншісі қыстырма сөздер.

Бұл айтылған сөйлем мүшелерінен басқа сөйлем маңайында жүретін бұратана сөздер болады. Ол бұратана сөздер екі түрлі. Бір түрі – сөз арасына керек жерінде қыстырыла айтылатын сөздер. Бұлар қыстырма сөз деп аталады. Қыстырма сөздер сөйлем ішіндегі басқа сөздерімен үйлеспейді, байласпайды. Алып тастағанда орны ойсырай қоймайды. Екінші түрі сөз бетін біреуге қарата, қадап сөйлегенде айтылатын сөз. Бұлар қаратпа сөз деп аталады. Бұлар да сөйлем ішіндегі басқа сөздермен үйлеспейді, байласпайды [1, 286].

Біздің мақсатымыз – үндеу амалдарының бірі – қаратпа сөздердің қызметі мен жасалу жолдарын қарастыру.

Белгілі психолог және лингвист Карл Бюлертің негізгі атқаратын үш қызметін атап көрсеткен. Оларға: пікір білдіру, эмоция білдіру және үндеу қызметі жатады екен. Әрине, ең басты қызметі пікір білдіру болса, оған көмектесіп, пікірдің нақты кімге арналғанын көрсету үндеудің қызметі. Қазақ тілінде үндеу амалы деген термин осы қызметке жауап береді.

Тілдің үндеу қызметі ылғи көріне бермейді. Ол әсіресе ауызекі сөзде көбірек көрінеді. Ауызекі сөзді тыңдаушы тікелей есітіп, түсініп алуға тиіс. Сондықтан сөйлеуші сөзі түсінікті, дәл жету үшін тыңдаушының назарын аударып алады [2, 95].

Р.Әмір мен Ж.Әмірова «Жай сөйлемнің синтаксисі» деген еңбегінде синтаксис саласы бойынша яғни сөз тіркестерін, жай сөйлемдердің құрылысын, сөйлем түрлерін, сөйлем мүшелерін, үндеу амалдарын зерттеп, талдау жасап жарыққа шығарған. Соның ішінде, маңызды тақырыптарының бірі, ғылыми қарастырған мәселелерінің бірі, үндеу амалдарының қаратпа сөз түріне ерекше тоқталмақпын.

Қазіргі қазақ тілінде сөйлемдегі сөздермен синтаксистік байланысқа енбей, олардан дауыс ырғағы арқылы бөлектеніп айтылатын сөздер – сөйлемдегі оқшау сөздер болады. Мұндай синтаксистік категориялар – қаратпа сөз, қыстырма сөз, одағай сөз болып үшке бөлінеді [3, 141].

Сөйлемнің экспрессивтілігін арттыруда да қаратпа сөз бен қыстырма сөздің қызметі ерекше. Олар сөйлемдегі басқа сөздермен синтаксистік байланыста айтылмағанымен, мағыналық байланыста жұмсалып, ойды тартымды, әсерлі, дәл түсіндіруге үлкен қызмет атқарады. Қаратпа сөздер әсіресе шешендік сөзде, үндеуде, диалогті сөйлемде, кім үшін, кімге қарап, неге арналғанын және сөйлеушінің ішкі сезімін аңғарту үшін жұмсалады.